

ISSN (Print) 2616-678X  
ISSN (Online) 2663-1288

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

# ХАБАРШЫСЫ

---

## BULLETIN

of L.N. Gumilyov  
Eurasian National University

## ВЕСТНИК

Евразийского национального  
университета имени Л.Н. Гумилева

**ФИЛОЛОГИЯ** сериясы  
Серия **ФИЛОЛОГИЯ**  
**PHILOLOGY** Series

**№3(132)/2020**

1995 жылдан бастап шығады

Издается с 1995 года

Founded in 1995

Жылына 4 рет шығады

Выходит 4 раза в год

Published 4 times a year

Нұр-Сұлтан, 2020

Nur-Sultan, 2020

Нур-Султан, 2020

---

---

Бас редакторы **Дихан Қамзабекұлы**  
филология ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА академигі, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан,  
Қазақстан

Бас редактордың орынбасары **Шолпан Жарқынбекова**  
филология ғылымдарының докторы, проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

### Редакция алқасы

|                              |  |
|------------------------------|--|
| <b>Аскер оғлы Рамиз</b>      | ф.ғ.д., проф., Баку мемлекеттік университеті, Баку, Әзірбайжан   |
| <b>Ақматалиев Абдылдажан</b> | ф.ғ.д., проф., Қырғызстан Ұлттық ғылым академиясы, Бішкек, Қырғызстан  |
| <b>Аймұхамбет Жанат</b>      | ф.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан  |
| <b>Бахтикиреева Улдана</b>   | ф.ғ.д., проф., Ресей халықтар достығы университеті, Мәскеу, Ресей  |
| <b>Беженару Людмила</b>      | ф.ғ.д., проф., Яссы мемлекеттік университеті, Яссы, Румыния  |
| <b>Бейсембаева Жанаргүл</b>  | ф.ғ.к., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан   |
| <b>Біжкенова Айгүл</b>       | ф.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан  |
| <b>Жақыпов Жантас</b>        | ф.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан  |
| <b>Журавлева Евгения</b>     | ф.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан  |
| <b>Жан Динжиң</b>            | PhD, проф., Миньцзу университеті, Пекин, Қытай   |
| <b>Ескеева Мағрипа</b>       | ф.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан  |
| <b>Ержласун Гүлжанат</b>     | PhD, проф., Хаджи Байрам Вели университеті, Анкара, Түркия   |
| <b>Қасқабасов Сейіт</b>      | ф.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан  |
| <b>Негимов Серік</b>         | ф.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан  |
| <b>Нұрғали Қадиша</b>        | ф.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан  |
| <b>Нуриева Фануза</b>        | ф.ғ.д., проф., Қазан федералды университеті, Қазан, Татарстан, РФ  |
| <b>Райхл Карл</b>            | ф.ғ.д., проф., Бонн университеті, Бонн, Германия   |
| <b>Рахманов Носимхан</b>     | ф.ғ.д., проф., Ә. Науаи атындағы Ташкент өзбек тілі және әдебиеті мемлекеттік университеті, Ташкент, Өзбекстан |
| <b>Риверс Уильям Патрик</b>  | PhD, проф., Тіл және халықаралық білім бойынша бірлескен ұлттық комитеті, Вашингтон, АҚШ                       |
| <b>Сәтенова Серіккүл</b>     | ф.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан  |
| <b>Тәжібаева Сәуле</b>       | ф.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан  |
| <b>Тұрысбек Рақымжан</b>     | ф.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан  |
| <b>Хисамитдинова Фирдаус</b> | ф.ғ.д., проф., Уфа федералды зерттеу орталығы, Уфа, Башқұртстан, РФ  |
| <b>Чернявская Валерия</b>    | ф.ғ.д., проф., Лингводидактика жоғары мектебі, Санкт-Петербург, Ресей  |
| <b>Шәріп Амантай</b>         | ф.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан  |
| <b>Шәріпова Гүлбану</b>      | ф.ғ.к., доцент м.а., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан  |
| <b>Экиджи Метин</b>          | PhD, проф., Эгей университеті, Измир, Түркия   |
| <b>Янковски Хенрих</b>       | PhD, проф., А. Мицкевич атынд. Польша университеті, Познань, Польша  |

Редакцияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., Қ. Сәтбаев к-сі, 2, 402 каб.

Тел.: +7(7172) 709-500 (ішкі 31-413)

**E-mail: vest\_phil@enu.kz**

Журнал менеджері: Базылхан Г.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. ФИЛОЛОГИЯ сериясы  
Меншіктенуші: «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» Коммерциялық емес акционерлік қоғам

ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 27.03.2018 ж. №16996-Ж тіркеу куәлігімен тіркелген.

Мерзімділігі: жылына 4 рет. Тиражы: 9 дана. Басуға 09.09.2020 ж. қол қойылды.

Типографияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., Қажымұқан к-сі, 13/1,

тел.: +7(7172)709-500 (ішкі 31-413)

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

---

---

**Editor-in-Chief Dikhan Kamzabekuly**

*Doctor of philology, academician of NAS RK, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan*

**Deputy Editor-in-Chief Zharkynbekova Sholpan**

*Doctor of philology, Prof., L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan*

**Editorial board**

|                                |  |
|--------------------------------|--|
| <b>Asker ogly Ramiz</b>        | Doctor of philology, Prof., Baku State University, Baku, Azerbaidzhan  |
| <b>Akmataliyev Abdildajan</b>  | Doctor of philology, Prof., National Academy of science of KR, Bishkek, KR                                   |
| <b>Aimukhambet Zhanat</b>      | Doctor of philology, Prof., L.N. Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan  |
| <b>Bakhtikireeva Uldanai</b>   | Doctor of philology, Prof., RUDN University, Moscow, Russia  |
| <b>Beisembayeva Zhanargul</b>  | Can. of philology, L.N. Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan   |
| <b>Bezhenaru Lyudmila</b>      | Doctor of philology, Prof., University UAIC, Iasi, Romania   |
| <b>Bizhkenova Aigul</b>        | Doctor of philology, Prof., L.N. Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan  |
| <b>Chernyavskaya Valeriya</b>  | Doctor of philology, Prof. Higher school of linguodidactics and translation, Saint Petersburg, Russia        |
| <b>Erzhiasun Güljanat</b>      | PhD, Prof., Hasi Bayram Veli University, Ankara, Turkey  |
| <b>Yeskeyeva Magripa</b>       | Doctor of philology, Prof., L.N. Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan  |
| <b>Henryk Jankowski</b>        | PhD, Prof., Adam Mickiewicz University, Poznan, Poland   |
| <b>Kaskabassov Seit</b>        | Doctor of philology, Prof., L.N. Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan  |
| <b>Khislamitdinova Firdaus</b> | Doctor of philology, Prof., UFRK RAS, Ufa, Bashkortostan, RF   |
| <b>Metin Ekiji</b>             | PhD, Prof., Ege University, Izmir, Turkey  |
| <b>Negimov Serik</b>           | Doctor of philology, Prof., L.N. Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan  |
| <b>Nurgali Kadisha</b>         | Doctor of philology, Prof., L.N. Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan  |
| <b>Nurieva Fanuza</b>          | Doctor of philology, Prof., Kazan Federal University, Kazan, Tatarstan, RF)                                  |
| <b>Reichl Karl</b>             | Doctor of philology, Prof., University of Bonn, Bonn, Germany  |
| <b>Rakhmanov Nasimhon</b>      | Doctor of philology, Prof., Tashkent State University of Uzbek language and literature, Tashkent, Uzbekistan |
| <b>Rivers William Patrick</b>  | PhD, Prof., Joint national Committee on languages and international education, Washington, USA               |
| <b>Satenova Serikkul</b>       | Doctor of philology, Prof., L.N. Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan  |
| <b>Sharip Amantay</b>          | Doctor of philology, Prof., L.N. Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan  |
| <b>Sharipova Gulbanu</b>       | Can. of philology, as. Prof., L.N. Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan                                      |
| <b>Tazhybayeva Saule</b>       | Doctor of philology, Prof., L.N. Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan  |
| <b>Turysbek Rakymzhan</b>      | Doctor of philology, Prof., L.N. Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan  |
| <b>Zhakypov Zhantas</b>        | Doctor of philology, Prof., L.N. Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan  |
| <b>Zhang Dingjing</b>          | PhD, Prof., Minzu University of China, Beijing, China  |
| <b>Zhuravleva Yevgeniya</b>    | Doctor of philology, Prof., L.N. Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan  |

Editorial address: 2, Satbayev str., of. 402, Nur-Sultan, Kazakhstan, 010008

Tel.: +7(7172) 709-500 (ext. 31-413)

**E-mail: vest\_phil@enu.kz**

Managing Editor: Bazylkhan G.

**Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University PHILOLOGY Series**

Owner: Non-profit joint-stock company «L.N. Gumilyov Eurasian National University»

Registered by Ministry of Information and Communication of the Republic of Kazakhstan. Registration certificate No 16996-Ж from 27.03.2018

Periodicity: 4 times a year Circulation: 9 copies. Signed in print: 09.09.2020

Address of printing house: 13/1 Kazhimukan str., Nur-Sultan, Kazakhstan 010008; tel.: +7(7172) 709-500 (ext. 31-413)

---

---

Главный редактор **Дихан Камзабекулы**  
*доктор филологических наук, академик НАН РК, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан*

Зам. главного редактора **Шолпан Жаркынбекова**  
*доктор филологических наук, проф., ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан*

### Редакционная коллегия

|                              |  |
|------------------------------|--|
| <b>Аскероглы Рамиз</b>       | д.ф.н., проф., Бакинский государственный университет, Баку, Азербайджан  |
| <b>Акматалиев Абдылдажан</b> | д.ф.н., проф., Национальная академия наук КР, Бишкек, Киргизия   |
| <b>Аймухамбет Жанат</b>      | д.ф.н., проф., ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан  |
| <b>Бахтикиреева Улданай</b>  | д.ф.н., проф. Российский университет дружбы народов, Москва, Россия  |
| <b>Беженару Людмила</b>      | д.ф.н., проф. Ясский государственный университет, Яссы, Румыния  |
| <b>Бейсембаева Жанаргуль</b> | к.ф.н., ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан   |
| <b>Бижкенова Айгуль</b>      | д.ф.н., проф., ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан  |
| <b>Жакыпов Жантас</b>        | д.ф.н., проф., ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан  |
| <b>Жан Динжин</b>            | PhD, проф., Китайский университет Миньцзу, Пекин, Китай  |
| <b>Журавлева Евгения</b>     | д.ф.н., проф., ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан  |
| <b>Ескеева Магрипа</b>       | д.ф.н., проф., ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан  |
| <b>Ержласун Гульжанат</b>    | PhD, проф. Университет Хаджи-Байрам Вели, Анкара, Турция   |
| <b>Каскабасов Сеит</b>       | д.ф.н., проф., ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан  |
| <b>Негимов Серик</b>         | д.ф.н., проф., ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан  |
| <b>Нургали Кадиша</b>        | д.ф.н., проф., ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан  |
| <b>Нуриева Фануза</b>        | д.ф.н., проф., Казанский федеральный университет, Казань, Татарстан, РФ  |
| <b>Райхл Карл</b>            | д.ф.н., проф., Боннский университет, Бонн, Германия  |
| <b>Рахманов Насимхон</b>     | д.ф.н., проф., Ташкентский государственный университет узбекского языка и литературы имени А. Навои, Ташкент, Узбекистан |
| <b>Риверс Уильям Патрик</b>  | PhD, проф., Совместный Национальный комитет по языкам и международному образованию, Вашингтон, США                       |
| <b>Сатенова Сериккуль</b>    | д.ф.н., проф., ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан  |
| <b>Тажibaева Сауле</b>       | д.ф.н., проф., ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан  |
| <b>Турьбек Рахимжан</b>      | д.ф.н., проф., ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан  |
| <b>Хисамитдинова Фирдаус</b> | д.ф.н., проф., УФИЦ РАН, Уфа, Башкортостан, РФ   |
| <b>Чернявская Валерия</b>    | д.ф.н., проф., Высшая школа лингводидактики и перевода, Санкт-Петербург, РФ  |
| <b>Шарип Амантай</b>         | д.ф.н., проф., ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан  |
| <b>Шарипова Гульбану</b>     | к.ф.н., и.о. доцента, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан   |
| <b>Экиджи Метин</b>          | PhD, проф., Эгейский университет, Измир, Турция  |
| <b>Янковский Хенрих</b>      | PhD, проф., Университет имени Адама Мицкевича в Познани, Познань, Польша   |

Адрес редакции: 010008, Казахстан, г. Нур-Султан, ул. К.Сатпаева, 2, каб. 402  
Тел.: +7(7172) 709-500 (вн. 31-413)

**E-mail: vest\_phil@enu.kz**

Менеджер журнала: Базылхан Г.

**Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия ФИЛОЛОГИЯ**  
Собственник: Некоммерческое акционерное общество «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева»

Зарегистрирован Министерством информации и коммуникаций РК под номером №16996-Ж от 27.03.2018 г.

Периодичность: 4 раза в год. Тираж: 9 экземпляров. Подписано в печать 09.09.2020 г.

Адрес типографии: 010008, Казахстан, г. Нур-Султан, ул. Кажымукана, 13/1, тел.: +7(7172)709-500 (вн. 31-413)

© Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева

Мазмұны

*Фольклор және әдебиеттану*

|  |       |
|--|-------|
| <i>Абдуова Б.С., Асанова Ұ.О.</i> Ұлттық дүниетанымдағы бөрілік рух сабақтастығы.....  | 8-17  |
| <i>Әбсадық А.А., Қабылдинов З.Е.</i> Ахмет Байтұрсынұлы ғұмырнамасындағы Орынбор кезеңі: кейбір беймәлім мәліметтер мен деректер (ғылыми-танымдық экспедиция материалдары бойынша) ..... | 18-27 |
| <i>Исламбаева З.У.</i> 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің драматургияда бейнеленуі .....  | 28-35 |
| <i>Құрманғали Г.Қ.</i> Құранның ортағасырлық әдеби жәдігерлерге ықпалы .....   | 36-43 |
| <i>Рахмонов Н.</i> Ежелгі Орталық Азия халықтарындағы рухани үдеріс тамырлары.....   | 44-50 |
| <i>Шәріп А.</i> Қазақ поэзиясындағы Сарыарқа бейнесінің идеялық-көркемдік эволюциясы мен трансформациясы .....   | 51-59 |

*Лингвистика және әдістеме*

|   |         |
|---|---------|
| <i>Ашинова К.А.</i> Қысқарған және біріккен дипломатиялық терминдер .....   | 60-65   |
| <i>Балтабаева Ж.Қ., Бияздықова Ә.Ә.</i> М. Жұмабаев шығармаларындағы «бақыт» базалық концептісінің мағыналық-ақпараттық өрісін айқындайтын тілдік бірліктер ..... | 66-74   |
| <i>Ескеева М., Алашбаева Ж.</i> Орта ғасыр түркі мақал-мәтелдеріндегі адами қасиеттер көрінісі: салыстырмалы-тарихи талдау .....                                  | 75-85   |
| <i>Құрманбайұлы Ш., Әділов М.Е.</i> Абай тіліндегі көнерген сөздер.....   | 86-97   |
| <i>Құсайынова Ж.</i> Транспозицияланған құрылымдардың контекстік-модалдік қызметі .....   | 98-103  |
| <i>Личман Е.Ю., Черняева И.В.</i> Қазақстан және Ресей әдебиетшілері, суретшілері шығармашылығында «жол/сапар» сарынының түсіндірілуі .....                       | 104-122 |
| <i>Орманова А.Б., Анафинова М.Л.</i> Ассоциативті эксперимент шеңберіндегі тілдік интерференция.....  | 123-132 |
| <i>Садирова К., Әбдірова Ш.</i> Идеологиялық дискурс және ықпалдастық мәселесі.....   | 133-141 |

**Contents**

***Folklore and Literary Studies***

|  |       |
|--|-------|
| <b><i>Abduova B.S., Assanova U.O.</i></b> Legacy of the Wolf Spirit in the National Worldview .....  | 8-17  |
| <b><i>Absadyk A.A., Kabuldinov Z.E.</i></b> Orenburg Period in Akhmet Baitursynuly's Biography: Some Unknown Archival Sources (based on materials of scientific and educational expedition)..... | 18-27 |
| <b><i>Islambayeva Z.U.</i></b> Representation of the 1916 National Liberation Movement in Drama.....   | 28-35 |
| <b><i>Kurmangali G.K.</i></b> Influence of the Koran on Middle Ages Literary Monuments .....   | 36-43 |
| <b><i>Rakhmonov N.</i></b> Sources of Spiritual Processes Among Ancient Peoples of Central Asia .....  | 44-50 |
| <b><i>Sharip A.</i></b> Ideological and Literary Evolution and Transformation of Saryarka image in the Kazakh Poetry .....   | 51-59 |

***Linguistics and methodics***

|  |         |
|--|---------|
| <b><i>Ashinova K.A.</i></b> Abbreviated and Combined Diplomatic Terms.....   | 60-65   |
| <b><i>Baltabaeva Zh.K., Biyazydykova A.A.</i></b> Linguistic Units Determining the Semantic-Informational Field of the Basic Concept "Happiness" in M. Zhumabayev's Works..... | 66-74   |
| <b><i>Eskeyeva M., Alashbayeva Zh.</i></b> Representation of Human Qualities in Proverbs and Sayings of Turks of the Middle Ages: Comparative and Historical Analysis .....    | 75-85   |
| <b><i>Kurmanbaiuly Sh., Adilov M.</i></b> Archaisms in Abay's Writing .....  | 86-97   |
| <b><i>Kussaiynova Zh.</i></b> Context-Modal Functioning of Transposition Structures .....  | 98-103  |
| <b><i>Lichman E.Yu., Chernyaeva I.V.</i></b> Interpretation of the «Path/Road» Motive in Works of Writers and Artists of Kazakhstan and Russia.....                            | 104-122 |
| <b><i>Ormanova A.B., Anafinova M.L.</i></b> Linguistic Interference in Terms of Associate Experiment .....   | 123-132 |
| <b><i>Sadirova K., Abdirova Sh.</i></b> Ideological Discourse and Integration Issue .....  | 133-141 |



Содержание

*Фольклор и литературоведение*

|   |       |
|---|-------|
| <i>Абдуова Б.С., Асанова У.О.</i> Преемственность волчьего духа в национальном мировоззрении .....  | 8-17  |
| <i>Абсадык А.А., Кабульдинов З.Е.</i> Оренбургский период в биографии Ахмета Байтурсынулы: некоторые неизвестные архивные источники (по материалам научно-познавательной экспедиции)..... | 18-27 |
| <i>Исламбаева З.У.</i> Отражение национально-освободительного восстания 1916 года в драматургии.....  | 28-35 |
| <i>Қурманғали Г.К.</i> Влияние Корана на литературные памятники средневековья .....   | 36-43 |
| <i>Рахмонов Н.</i> Источники духовных процессов среди древних народов Центральной Азии.....   | 44-50 |
| <i>Шарип А.</i> Идеино-художественная эволюция и трансформация образа Сарыарки в казахской поэзии.....  | 51-59 |

*Лингвистика и методика*

|  |         |
|--|---------|
| <i>Ашинова К.А.</i> Сокращенные и комбинированные дипломатические термины....  | 60-65   |
| <i>Балтабаева Ж.К., Бияздыкова А.А.</i> Лингвистические единицы, определяющие семантико-информационное поле базового концепта «счастье» в произведениях М. Жумабаева ..... | 66-74   |
| <i>Ескеева М., Алашбаева Ж.</i> Репрезентация человеческих качеств в пословицах и поговорках тюрков средневековья: сравнительно-исторический анализ.....                   | 75-85   |
| <i>Қурманбайұлы Ш., Адилов М.Е.</i> Архаизмы в языке Абая.....   | 86-97   |
| <i>Кусаинова Ж.</i> Контекстно-модальное функционирование транспозиционных структур .....  | 98-103  |
| <i>Личман Е.Ю., Черняева И.В.</i> Интерпретация мотива «путь/дорога» в творчестве литераторов, живописцев Казахстана и России .....  | 104-122 |
| <i>Орманова А.Б., Анафинова М.Л.</i> Языковая интерференция в рамках ассоциированного эксперимента.....  | 123-132 |
| <i>Садирова К., Абдирова Ш.</i> Идеологический дискурс и проблема интеграции ....  | 133-141 |

ХҒТАР 17.01.09

А.А. Әбсадық<sup>1</sup>, З.Е. Қабылдинов<sup>2</sup>

<sup>1</sup>А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті, Қостанай Қазақстан  
<sup>2</sup>Ш.Уәлиханов атындағы тарих және этнология институты, Алматы, Қазақстан  
(E-mail: absalmas@mail.ru, kabulzia@rambler.ru)

**Ахмет Байтұрсынұлы ғұмырнамасындағы  
Орынбор кезеңі: кейбір беймәлім мәліметтер мен деректер  
(ғылыми-танымдық экспедиция материалдары бойынша)**

**Аңдатпа.** Орынбор қаласында ағартушы ғалым, көрнекті мемлекет қайраткері А. Байтұрсынұлы ғұмырының едәуір бөлігін өткізді. Ол мұнда Мұғалімдер мектебінде білім алады (1891-1895), патша үкіметі сотының үкімімен әкімшілік жазасын өтейді (1910-1912), «Қазақ» газетін шығаруды ұйымдастырып, оның алғашқы редакторы болады (1913-1918), төңкеріс жылдары, алдымен, ұлттық Алаш (1917-1919), кейін кеңестік Қырғыз (Қазақ) автономиясын құру істеріне белсене араласады (1920-1925). Мақала ағартушы А. Байтұрсынұлының ғұмырнамасындағы Орынбор кезеңіне байланысты архивтік құжаттарды талдауға бағытталған. Талдауға арқау болған құжаттар – бұған дейін ғылыми айналымға енбеген дерек көздері. Оның қатарына патшалық Ресей Ішкі істер министрлігі жандармериясының анықтамалары, 1895 жылы «Тургайская газета» басылымында жарияланған «Киргизские приметы и пословицы» атты фольклор тақырыбындағы мақаласы, 1917-1918 жылдардағы төңкеріс кезеңдерінде ВЦИК төрағасы М. Калининнің алдында сөйлеген сөзі, «Қазақ» газетінің тарихына байланысты деректерді толық атауға болады. Ағартушы ғалымның өмірбаянының маңызды кезеңін құрайтын Орынбор кезеңіне байланысты жаңадан табылып отырған беймәлім деректер мен мәліметтер Ахметтануда өзіндік тарихи, әрі рухани маңызы бар құнды дүние деп санауға болады.

**Түйін сөздер:** А. Байтұрсынұлының ғұмырнамасы, Орынбор кезеңі, Алаш автономиясы, архивтік деректер, Тургайская газета, Қазақ ырымдары мен мақалдары, жандармерия.

DOI : <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2020-132-3-18-27>

Түсті: 29.01.20 / Қайта түзетілді: 20.08.20 / Жарияланымға рұқсат етілді: 09.09.20

**Кіріспе.** 2019 жылдың сәуір айында Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай мемлекеттік университеті «Рухани жаңғыру» бағдарламасы шеңберінде Орынборға «А. Байтұрсынұлы ізімен: Орынбор кезеңі» атты ғылыми танымдық экспедиция ұйымдастырды. Сапар барысында Орынбор қаласының мұрағаттарында Ахметтану, Алаштану бағытында ғылыми ізденіс жұмыстары жасалды. Соның нәтижесінде Ахмет Байтұрсынұлының ғұмырнамасынан ерекше орын алатын Орынбор кезеңіне қатысты бірнеше тарихи ғимараттармен және архивтік құжаттармен танысып, оларды зерде безбенін салу мүмкіндігі туды.

**Мәселенің мәні:** Архивтік құжаттардан А. Байтұрсынұлының шығармашылық және қайраткерлік ғұмырнамасына қатысты мынадай мән-маңызы жоғары дәлді деректер мен дәйектемелер экспедиция қоржынына салынды:

1. 1891-1895 жылдары А. Байтұрсынұлы оқыған Мұғалімдер мектебі орналасқан ғимарат және оның кейінгі тарихы айқындалды;

2. А. Байтұрсынұлының 1895 жылы «Тургайская газетада» басылған «Киргизские приметы и пословицы» деп аталатын тырнақалды мақаласының түпнұсқасының фотокөшірмесі жасалды және ол баспасөзде жарияланды;

3. 1910 жылы А. Байтұрсынұлының Орынборға жер аударылып келгенге дейінгі ең соңғы атқарған қызметі, бақылауға алынған мерзімінің дәл уақыты мен сол кезде атқарған қызметі туралы мұрағаттық дерекнама тіркелді;



4. «Каспий» газетінен «Қазақ» газеті туралы ақпаратпен танысқан Император сарайы Губернаторларының Камергер атағындағы қызметкерінің хаты табылды;

5. 1917 жылы «Учредительное собрание»-ға Алаш партиясының атынан №1 сайлау округінен түскен кісілердің тізімі көзге шалынды;

6. 1919 жылы Коммунистік партия қатарына өткен А. Байтұрсынұлының партия билетінің нөмірі архивтік құжат арқылы анықталды;

7. А. Байтұрсынұлының 1919 жылы Орынбор қаласында ВЦИК төрағасы М. Калининнің қатысуымен өткен партиялық жиналыста сөйлеген сөзінің түпнұсқасы қолға ілініп, оның фото көшірмесі жасалынды;

8. Орынбор партия қызметкерлерінің жабық жиналысының қазақ халқының мәселесіне қатысты хаттамасы.

**Мақаланың мақсаты мен зерттеу әдіс-тәсілдері:** Экспедиция жұмысының барысында бұрын-соңды ғылыми айналымға енбеген архивтік құжаттарға талдау жасай отырып, А. Байтұрсынұлының шығармашылық және қайраткерлік тұлғасын тереңірек тануға сеп болу. Алға тартылған мәселенің мән-жайы мен мақсатын ашуда тарихи-салыстырмалы, сараптамалық әдіс-тәсілдер қолданылады.

А. Байтұрсынұлы Орынбор қаласында бас-аяғы 19 жыл тұрақтайды. Бұл жылдар екі кезеңге бөлінді. Біріншісі - А. Байтұрсынұлының Орынбордағы Мұғалімдер мектебінде оқыған шәкірттік жылдар кезеңі, екіншісі – 1910 жылы Орынборға жер аударылып келгеннен бастап Қазақ автономиясының астанасы Қызылордаға көшкен 1925 жылдар аралығындағы кезең.

А. Байтұрсынұлы 1891-1895 жылдар аралығында Орынборда Алаштың бірсыпыра азаматтары оқыған мұғалімдік мектептен білім алады. Бірақ сол оқу орнының тарихы қалай басталып, қандай сипатта өрбігені, оның алғашқы ғимараты қай жерде орналасқан еді деген сияқты сауалдар Алаштануда басы ашық мәселе болатын. Бұл сауалдардың жауабына алғаш сәуле түсірген Орынбор педагогикалық университетінің доценті Т. Тугайдың 2018 жылы жарияланған «Оренбургский путь Ахмета Байтурсунова» деп аталатын зерттеу еңбегі. Архив мұрағаттарына сүйенген автордың жазуынша, 1889 жылы Ор қаласында ашылған Мұғалімдер мектебі 1850 жылы Орынбор шекаралық комиссия жанындағы орыс-қазақ мектебінің ғимаратына көшіріледі. Басты себеп - Ор қаласындағы ғимараттың өртеніп кетуі [1, 87 б.].

Патша үкіметі Ор қаласында қазақ даласындағы мектептерге ұстаз дайындайтын Мұғалімдер мектебін ашу бастамасын 1876 жылы Орынборда Ресей империясының халық ағарту ісі министрінің қатысуымен өткен қазақтарға білім беру ісін тереңірек ұйымдастыру мәселелері талқыландық мәжілісте қарайды. Бірақ ол 1883 жылы ғана іс жүзінде жүзеге асырылады [2, 159-160 бб.].

Аталған оқу орнын ашу туралы үкімет шешімінің жүзеге асуына 1879-1889 жылдар аралығында Торғай облысы орыс-қазақ халық училищелерінің инспекторы лауазымын атқарған ағартушы Ы. Алтынсарин жанашырлық танытады, көп еңбек сіңіреді. Олай болса, қазақтың екі ұлы ағартушылары Ы. Алтынсарин мен А. Байтұрсынұлы Орынборда бір ғимаратта, бірақ әр жылдары әртүрлі дәрежедегі оқу орнында білім алған. Бұл орайда, А. Байтұрсынұлының, алдымен, Торғайда, кейін Орынборда Ы. Алтынсарин ашуға себепкер болған оқу орнындарында оқығандығын астын сызып атап өтуге болады. Орынбор қаласы Қазақ АССР-ның астанасы болған кезде, бұрынғы мұғалімдер мектебі Қырғыз халық ағарту институтына (КИНО) айналып, А. Байтұрсынұлы онда оқытушылық қызмет атқарады [1, 101 б.].

Орынбор Мұғалімдер мектебін 14 түлектің қатарында тамамдаған А. Байтұрсынұлы «Халық мұғалімі» деген кәсіп иесі атанады [1, 87 б.]. «Халық мұғалімі» лауазымына сол уақытта үкімет тарапынан 180 сом (рубль) кесімді жалақы тағайындалып, ол қызметті

алған кісі үкіметтің жіберген жеріне кемінде алты жыл үзбей қызмет атқару жүктелетін [1, 64 б.]. Ағартушы осы «Халық мұғалімі» кәсібімен Торғай облысының Ырғыз, Әулікөл өңірінде, Қостанай қаласында 6 жыл қызмет атқарып, міндетін толық өтейді. Үкімет талап еткен мерзімді өтегеннен кейін А. Байтұрсынұлы Омбы барып, Семей облысындағы Қарқаралыға ауысады. Оның бұл таңдауына 1894-1903 Торғай облысының, 1903 жылдан бастап Семей облысының халық мектептерін басқарған А. Алекторовтың қолдау көрсеткен деген пікір бар [1, 67 б.].

Қалай болғанда да, Қарқаралы кезеңінде А. Байтұрсынұлы Ә. Бөкейханмен тығыз байланыс орнатып, өз тағдырын саналы түрде Алаштың азаттық күресіне байлайды. Бұл күреске «Халық мұғалімі» қатарынан шықты деп санады және оны бұған мәжбүрлеген айналысуына патшаның отаршылдық саясаты еді [3, 104 б.].

Орынбор сапарында әдебиеттанушы, оның ішінде, фольклортанушы ретінде, алдымен, А.Байтұрсынұлының 1895 жылы «Тургайская газетада» басылған «Киргизские приметы и половицы» деп аталатын тырнақалды мақаласымен танысуға ынтық болдық. Мақала газеттің Орынбор облыстық архивінде сақталған тігіндісіндегі 1895 жылдың 24 қыркүйек күні басылған №39 номерінен табылды. Елге оралғаннан кейін 124 жылдан кейін оқырманымен қайта қауышқан аталмыш мақала туралы баспа бетінен түрлі жариялымдар жариялап, қазіргі замануи техниканың көмегімен факсимелік сипаттағы түпнұсқасы да жарияланды [4, 142-147 бб.].

А. Байтұрсынұлы мақаланың бас-аяғына қазақтың күн райына қатысты айтылатын 36 түрлі болжам сөзін келтірген. Бұл орайда біз орыстың «примета» сөзін «ырым» деп қате аударып жүрген сияқтымыз. Ырым – қазақтың ғұрыптық фольклорымен тығыз байланысты ұғым. Ол ғұрыпты атқару үрдісінен туғандықтан, белгілі бір іс-әрекеттерге бағынады. Оның ғұрыптан іргесі ажыраса, мән-мағынасы азаяды. Сондықтан мақаланың толық мазмұнына зер сала отырып, оның қазақша баламасы «Қазақтың болжам сөздері мен мақалдары» деп таныған жөн деген пікірімізді ортаға салдық [5, 234-238 бб.].

А. Байтұрсынұлы Орынборға 1910 жылы қайта оралады. Себебі оған патшалық Ресейдің ішкі министрінің бұйрығымен Қазақ даласында тұруға тыйым салынып, үкіметтің бақылауында болу үшін империяның ішкі өлкесіне жер аудару үкімі шығады. Аталмыш жаза, М. Әуезовтің жазуынша, патша заманында «административная ссылка» деп аталған [6, 19 б.].

Ағартушы өзінің қоныс аударып тұратын мекені ретінде Орынбор шаһарын таңдайды. Бұл уақытта Ә. Бөкейхан Самарада тұратын. Оны патша үкіметі 1908 жылы жер аударған еді. Екі қайраткердің азаттық күрес жолында қайтадан етене жақын қимылдауына мүмкіндік туады. Бұларға 2012 жылдың соңында Семейдегі 1 жылдық түрме жазасын өтеген М. Дулатұлы қосылып, үш қайраткер «Қазақ» газетін шығаруды қолға алады. Либералды-демократиялық бағыттағы басылымды шығарушылар А. Байтұрсынұлы, М. Дулатұлы, Ә. Бөкейхандар үкіметтің жіті бақылауында болады. Соның бір көрінісі ретінде Орынбор губерниялық жандармериясының мұрағаттарындағы аталған тұлғалар туралы құжаттамаларды (досьелерді) атауға болады.

1916 жылы Орынбор губерниялық жандармериясы мұсылман халықтарының өкілдері турасында құжаттама жазады. Онда Орынбор қаласында шығып тұрған «Вақыт» («Уақыт») газетінің редакторы, әрі «Каримов, Хусаинов и К» баспахананың басшысы Мухамет Фатих Каримов туралы және «Қазақ» газетінің редакторы А. Байтұрсынұлы туралы ақпараттар бар.


Құжаттамада А.Байтұрсынұлы туралы былай делінген: «Ахмет Байтұрсунов – это бывший заведующий Каркаралинским русско-татарским училищем, которому в 1910 г. распоряжением М.Вн.Д. (Министр Внутренних дел – А.Ә.) воспрещено было жить в Степном Крае и он прибыл сюда отбывать надзор, по истечении которого и остался здесь на житье; служил первое время в переселенческом управлении, а затем стал издавать

киргизскую газету «Казак», в должности редактора коей состоит и в настоящее время; принадлежит к прогрессивным мусульманам» [7, 209 б.].

Аталған мұрғаттық деректен біз мынадай дәйектемелерді көңілге түйеміз:

1. Қазақ даласында тұруға тыйым салынып, Орынборға «бақылауда тұру» (отбывать надзор) жазасын өтеуге келген А. Байтұрсынұлы Қарқаралыда орыс-татар (қазақ) училищесінің (мектебінің) меңгерушісі қызметінде болған;

2. Жазаны өтеудің кесімді мерзімі кезінде ол «Переселенческое управление» мекемесінде жұмыс жасап, кесім мерзімі аяқталғаннан кейін Орынборда қалып, «Қазак» газетін ашқан (1 сурет).




1 сурет. А.Байтұрсынұлын бақылауда болуы үшін Қазақ даласынан сыртқа жер аударылғаны туралы дерек.

Ал сол Орынбор губерниялық жандармериясы 1916 жылдың 12 тамызында Орал облысы губернаторының «Қазак» газетінің редакторы мен қызметкерлерінің үкімітке қарсы әрекетінен хабарлама беру жөніндегі жеделхатына «Өте құпия» айдаршасымен белгіленген жауап жазады: «Байтұрсынов, Ахмет Байтұрсынович, 42 л, бывший учитель, киргиз, №5 аула, Турсунской волости, Тургайской области, состоит редактором газеты «Казак». В 1909 году Байтурсунов был арестован в г. Каркаралах (Каркаралы-А.Ә.) Семипалатинской области и привлечен к переписке по охране по обвинению в противоправительственной пропаганде среди киргиз. Распоряжением г. Министра Внутренних Дел Байтурсунову было воспрещено проживание Степном крае, Семиреченской и Тургайской обл. на два года, считая срок 10 марта 1910 г. Распоряжение это последовало ввиду установленной дознанием противоправительственной деятельности, выразившейся в разное время, начиная с 1905 года, так как он неоднократно как у себя на квартире, так и при разъездах по аульным школам, неоднократно говорил, чтобы не платили податей, чтобы киргизы ни в каком случае не переходили на воинское положение; распространял среди киргиз воззвания преступного содержания, также внушал волостным управлениям не собирать недоимки, указывая, что в России за крестьянами целые миллионы и что им за это ничего не сделали» [7, 331 б.].

Жандармерияның аталған анықтамасында А. Байтұрсынұлының жасы «қырық екіде» деп қате көрсетілген. Егер ол 1916 жылы 42 жаста болса, 1874 жылы дүниеге келген болып шығады. Бұл - бір.

Екіншіден, оның туған жерінің атауында орысша дыбысталуына байланысты фонетикалық жаңсақтық кеткен (Турсун - Тосын).

Үшіншіден, ағартушыны бақылауға алу мерзімі – 2 жыл және ол уақыт 1910 жылдың 10 наурызынан басталды деп саналған (2 сурет).



2 сурет. А. Байтұрсынұлының бақылауда тұру мерзімі көрсетілген дерек.

Жандармерия құпия құжаттарында «Қазақ» газетінің қызметкерлері Ә. Бөкейхан мен М. Дулатұлына берілген анықтамалар да бар. Айталық, Ә. Бөкейханға байланысты анықтамада оның Кадет партиясының Самара комитетіне мүше болғаны, 1912-1913 жылдары Халықшылдардың мұрагері социалист-революционерлер партиясымен (эсерлер) жақындасқаны баяндалады: «Букейханов, Алихан Нурмухадов, бывший член I-й Государственной Думы, ученый-лесовед, состоит сотрудником той же газеты «Казак» и проживает в гор. Самаре. По имеющимся сведениям Букейханов состоит членом Самарского Комитета Кадетской партии; в 1912 и 1913 гг. некоторое время наблюдался в сношениях с Самарскими членами партии социалистов-революционеров» [7, 332 б.].

Ал «Қазақтың» қызметкері әрі хатшысы болған М. Дулатұлы туралы мынадай анықтама жазылған: «Дулатов, Мирь-Якуб, киргиз Сыр-Калинской волости, Тургайского уезда, 31 года, постоянный сотрудник и секретарь редакции газеты «Казак», состоял во время отсутствия Байтурсунова временным редактором названной газеты. С прошлой деятельности Дулатова имеются следующие сведения: в июне 1911 года Дулатов был арестован в гор. Семипалатинске, куда, он, будучи письмоводителем мирового судьи 2-го участка Петропавловского уезда, приехал с целью распространения своей брошюры «Уян-Казак»/ Пробуждайся, киргиз/, и привлечен к дознанию обвиняемым по 6 п.129 ст. Уг. Улож. Приговором Семипалатинского Окружного Суда 23 декабря 1911 г. осужден к заключению в крепость на 1 год без зачета 7-ми месяцев предварительного заключения. Брошюра его «Пробуждайся, киргиз» Казанским Комитетом по делам печати признана преступной и постановлено наложить на нее арест» [7, 332 б.].

Демек, М. Дулатұлы да Орынборға келгенге дейін Семей түрмесінде кесімді жазасын өтеген. Оның «Оян, Қазақ» туындысы Қазан қаласындағы баспа ісі жөніндегі комитеттің шешімімен қылмыстық мазмұны бар деп таратуға тыйым салынады. Сол шешімді бұзып, тыйым салған туындыны Семей өңірінде таратқаны үшін 7 ай бойы тергеуге алынып, 1 жылға түрмеге қамалады.

Әкімшілік жазасын өтегеннен кейінгі уақытта А. Байтұрсынұлының редакторлығымен ашылған «Қазақ» газеті патша үкіметінің үнемі қырағы бақылауында болады. Газеттің тыныс-тіршілігі империяның орталық билігін де назарын аударған. Айталық, 1916 жылдың шілде айында Император сарайы Губернаторларының Камергер атағындағы қызметкері (аты-жөнін анықтау мүмкін болмады) Орынбор Губерниялық жандармерия басқармасына «Қазақ» газеті туралы мәлімет беруді сұраған хат түсіреді. Хатта былай делінген: «По сообщению газеты Каспий / №5 от 8 минувшего января / киргизское население различных местностей оказало в прошлом году материальную поддержку киргизской газете «Казак», собрав для этой цели в своей среде 1600 рублей. Вследствие последовавшего по сему пред-



мету запроса со стороны Министерства Внутренних дел, я обращаюсь к Вашему Превосходительству с просьбой не отказать в сообщении мне данных по означенному вопросу, если таковые имеются в Вашем распоряжении» [7, 229 б.].


«Каспий» газетінде жазылған «Қазаққа» әлеуметтің қолдау көрсеткені тек бір ғана 1915 жылы орын алған жалғыз-жарым оқиға емес еді. Газет шыққаннан бастап ол жергілікті әкімшіліктің тарапынан бірнеше рет айыпталып, айыппұлдар салынады. Жалпы, қазақ әлеуметі А. Байтұрсынұлы басқарған газетке салынған айыппұлдарды көп болып көтеріп, қолдау көрсетіп отырған.

«Қазақ» газеті және оның қызметкерлері туралы біз кезіктірген жандармерияның жазбалары 1916 жылы жазылған. Бұның өзіндік саяси-тарих себептері бар. 1916 жыл - Ресей империясының тарихындағы күрделі кезеңнің бірі еді. Ресей Германиямен жүргізіліп жатқан соғыстан титықтап, қоластындағы елдерге салық түрлерін көбейтіп, 1915 жылдан бастап Орта Азия мен Кавказдағы бұратана елдерден майдандағы әскерге алу туралы әңгіме қозғай бастайды. А. Байтұрсынұлы редакторлық еткен «Қазақ» газеті патшаның әскерге адам алу мәселесіне сол жылдары бірнеше циклды мақалалар жариялайды. Ақыры, патша 1916 жылы 25 июньде бұратана халықтарды майдандағы қара жұмысқа алу, яғни «Реквизициялау туралы» жарлығын шығарады. Қазақ даласында толқулар орын алып, оның арты қарулы көтерілістерге ұласады. Сондықтан арнайы құрылымдар бақылауды күшейтеді.

1917 жылғы ақпан төңкерісінен кейін «Алаш» партиясы құрылып, партия атынан Уақытша үкімет ұйымдастырмақ болған «Учредительное собрание»-ға депутаттар анықтау үшін кандидаттар айқындау жұмысы жүргізіледі. Торғай облысы бойынша белгіленген №1 Сайлау округінде Алаш партиясының тізіміне 7 кандидат тіркеледі [7].

Олар (түпнұсқадағы жазу бойынша беріп отырмыз):

1. Байтурсунов Ахмет Байтурсунович, Оренбург, Гришковская, 41;
2. Беремжанов Ахмед Курганбекович, г.Костанай;
3. Дощанов Сагындык Дощанович, Оренбург, Введенская, 30;
4. Темиров Габдулла Темирович, г.Иргиз;
5. Жаманмурунов Тел Бокбанович, г.Иргиз;
6. Уразов Ильжан Уразович, г. Кустанай;
7. Букейханов Алихан Нурмухамедович, Оренбург, Николаевская, 10.



3 сурет. «Алаш» партиясының тізімімен Торғай облысы бойынша сайлауға түскендер.

Бұл тізім, бір жағынан, Торғай облысынан бүкілресейлік құрылтайға «Алаш» партиясы атынан сайлауға түсу кімдерге жүктелгенін көрсетсе, екінші жағынан, Алаш қайраткерлерінің мекен-жайынан хабар береді (3 сурет). Әсіресе, алты Алаштың көсемі Ә. Бөкейханның Орынборда уақытша тұрған мекенжайы көзге оттай басылады. Ол бұрынғы

«Николаевская, 10», қазіргі «Советская, 10» мекенжайы. «Николаевская» көшесі алғашқыда «Большая» деп аталған. Орынбор қаласының бағалы тарихи ғимараттарының басым көпшілігі осы көшенің бойына орналасқан.

Орынбор архивтерінен қолға түскен мұрағаттың бірі - 1919 жыл большевиктік партияның Орынборда өткізген жиыны туралы құжаттамалар. Тарихтан белгілі, 1919 жылы Алаш автономиясының қайраткерлеріне кешірілім жасалынады. Сол жылдың сәуір айында А. Байтұрсынұлы большевиктер партиясына мүшелікке өтеді. Оның партия билетінің номері – 924643 [8, 2 б.]. Қазақ жұрты алдында беделді тұлғаның жаңа өкіметті жасақтаушы большевиктер партиясының құрамына өтуі большевиктер арасында үлкен идеялық жеңіс деп қабылданады [9, 155-156 бб.].

